

Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 1993-1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 қараша 1993 ж. N 1196. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Егемендікті нығайту және нарыққа көшу жағдайында Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми негізді және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы облыстар әкімдерінің, Экономика министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары мен ескертпелерін ескере отырып әзірлеген, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Агроөнеркәсіп кешен кеңесі ұсынған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 1993-1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұжырымдамалық бағдарламасы (қоса беріліп отыр) мақұлданын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, облыстардың әкімдері республиканың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын жасау барысында Тұжырымдамалық бағдарламаның негізгі ережелерін жүзеге асыру жөніндегі қажетті ұйымдық шараларды жүзеге асырсын.

2. Облыстардың әкімдері аталған Тұжырымдамалық бағдарламаның негізінде 1994 жылғы 1 наурызға дейін агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2000 жылға дейінгі аймақтық (облыстық, аудандық) бағдарламасын әзірлесін.

Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері, мемлекеттік комитеттері және ведомстволарымен бірлесе отырып агроөнеркәсіп кешенін дамытудың аймақтық тұжырымдамасын әзірлеуде облыстардың әкімдеріне көмек көрсететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК